



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ұстар әйел-ана қадірін түсініп, оның өз құқығына ие табиғи тұлғасын қалыптастырды.

Отбасы мен Отанымыздың тіршілігі мен берекесін енгізіп, ұлт пен ұрпағымыздың тағдыры мен келешегіне екі бастан жауапты жандар – әйелдер мәселесі Әуезовтей әулиені әуелден ойландыратын-ды. «Адамдықтың негізі – әйел» деп түсінген Әуезов бүкіл адамзат атаулыға: «Адам болып қалғың келсе, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе!» деп ұран тастауы да тегін болмаса керек. Қазақ қоғамы әйел баласының ұлтымыз бен ұрпағымыздың саны мен сапасына жауаптылығын сезінген сәттен бастап өркениет өлкесіне қадам басатынын көрсетіп берді.

Оноре де Бальзак «Ұлт тағдыры – Аналардың қолында!» - десе, француз жазушысының ой-пікірін сабақтастырған заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов «Әйел-ана бір қолымен бала тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» - деп өзінің нақыл сөзімен келешек ұрпаққа өсиет қалдырған. «Ана жүрегі тым терең, сол тереңдіктен сіз кешірім таба аласыз». «Ана көрегендігінің теңдесі жоқ.» - деп ана жүрегінің тереңдігін, кешірімге толы адал жанның аяулы жүзін Бальзак өзінше сипаттаса, «Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен үркер күшім жоқ - деп ер қайратыңа мін дағы, өрге бас» – деген Әуезов көзқарасының алғашқы оймен сабақтастығы айқын көрінеді. Ана мейірімі, махаббатының кіршіксіз таза, күллі дүние сол жанның қолында екені даусыз. Қалам тербеген жазушылардың ана образына ерекше тоқталып, асыра баға беруіндегі байланыс өз халқының ертеңіне алаңдап, ұлт келешегі тек аналар қолында болатынын үлгі етіп алғанын айқындайды.

Әйел болмысы қос қаламгердің бар бояуымен қағаз бетіне көшкен дерсіз. Тіпті әйел жанының нәзік иірімдеріне шейін сырлы сөзбен кестелеп, мөлдіретіп беру кез-келген қалам иесінің қолынан келетін дүние емес. Күліп тұрып жылай салатын, жылап тұрып жадырай қалатын жұмбағы көп әйел табиғатын қаламға бағындыру Бальзак пен Әуезов сынды таланттардың ғана үлесі болса керек.

«Әдебиет - ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» - деп баға берген З.Қабдолов әдебиет жолындағы шындық тек ақиқатпен ғана негізделеді. Әдебиет ұлтқа, дінге, мәдениетке бөлінбейді. Француз әдебиетінің даңқты жазушысы Бальзак пен қазақтың заңғар жазушысы Әуезов шығармашылығындағы гендерлік көзқарас сабақтастығы әдебиет атты әлемде қатар тоғысуы кездейсоқтық емес екені анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. М. Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы 1-том, Алматы «Ғылым» 1997 ж.
2. Мұхтар Әуезов монографиялық очерк, А. Нұрқатов 1-том, Алматы 2010 ж.
3. Мұхтар Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы 2-том, Алматы «Дәуір», «Жібек жолы» 2014 ж.
4. О. Бальзак «Шегірен былғары», «Аударма» баспасы, 2011 ж.
5. Д. Бальзак «Жергілікті дәрігер» әлем әдебиет кітапханасы «Аударма» баспасы, 2005 ж.

ӘОЖ 81`373.222

ӘКІМШІЛІК, ЕЛ БАСҚАРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР («Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры бойынша)

Байбосын Әли

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан,

ali_baibosin@mail.ru

Ғылыми жетекшісі –Кенжалин Қ.К.

Кіріспе

Сөздердің көнеру процесі кенет бірден бола қалатын құбылыс емес, әуелі қолдану жиілігін бәсеңдетіп, пассив сөзге ауысады да, соңынан жаңа ұрпақтың біреуіне жеткенмен кейінгілерге емін-еркін жете алмай, түсініксіз болып ұмытыла бастайды. Бара-бара

қолданудан біржола ығысып, кейбіреулері тілден жоғалып та кетуі мүмкін. Көнеру сипаты мен тілдегі қолдану ерекшеліктеріне қарай көнерген сөздер архаизмдер мен историзмдер болып екі салаға бөлінеді. Архаизмдер халықтың күн көріс тіршілігіне, салт-сана тұрмысына, әдет-ғұрпына, дүние танымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп біржола қалып қойған сөздер жатады. Қазақ тілінде архаизмдердің мынадай түрлері бар:

1. Мата-кездеме атауларына байланысты архаизмдер (торқа, патсайы, мақпал, биқасап, берен, дүрия т.б);
2. Салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты архаизмдер (сауын айту, ұрын бару, жылу жинау, бесік құда, беташар, бастапқы, барымта т.б);
3. Киім-кешек, ыдыс-аяқ атауларына қатысты архаизмдер (шидем, шекпен, күпі, кебіс, сәукеле, жарғақ, аба, кісе, қоқы, күләпәра, кебеже, қазанқап, асадал т.б);
4. Діни ұғымға байланысты архаизмдер (қиямет-қайым, мәңкүр-нәңкір, мүфти, ахирет, дем салу т.б);
5. Үй тұрмысына, мал атауларына қатысты архаизмдер (лашық, итарқа, жаппа, шошала, шопан ата, ойсыл қара, иткірмес т.б);
6. Әр түрлі ұғымға байланысты архаизмдер (аламан, алапа, ақсарбас, дат, ақсақалдық, албан, ақшом т.б);
7. Жалпы түркі тілдеріне тән архаизмдер (будун, ұлық, ұлыс, жұрт, тәңір, адақ, дархан т.б).

Тарихи сөздер дәуірі өтіп, сол ескі заманның өзімен қоса жоғалған сөздер тарихи сөздер деп аталады. Тарихи сөздердің көнеруі тарихи атаулардың құрып бітуімен, біржола жоғалуымен байланысты болады. Тарихи сөздерді бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Әкімшілік, ел басқарумен байланысты туған тарихи сөздер (хан, ханша, ханзада, тақ, тәж, бек, бекзада, патша, аға сұлтан, болыс, старшын, би, қазы, құл, елубасы т.б);
2. Әскери атақ пен қару-жараққа байланысты тарихи сөздер (садақ, жақ, жебе, қорамсақ, оқшантай, сауыт, қалқан, айбалта, найза, дулыға, адырна, кіреуке т.б);
3. Кеңес тұсында пайда болған тарихи сөздер (нарком, губком, совдеп, рабфак, отарба, тоз, кедейлер комитеті, партия ұясы, қызыл әскер, қызыл отау, қосшы, өзара салық, БК(б) П, ұя хатшы т.б)

Көнерген сөздер, әсіресе, тарихи сөздер ауыспалы мағынада қолданылып, әр түрлі экспрессивті мән тудырады. Мысалы: Бақа көлінде патша балық суында патша, жігіт елінде патша (мақал). Ер азамат белгісі түзде мырза, үйде құл (мақал). Қараша үйден ханша шығар (мақал). Тарихи сөздердің кейбіреулерінің тура лексикалық мағыналары көнергенмен, ауыспалы мағыналары сол күйінде тілде сақталады (Қалиев, Болғанбаев 2006: 175).

Адам баласы қоғам болып, қауымдаса өмір сүрген кезден бері ел басқару жүйесіне қатысты, әкімшілік-билік атаулары қалыптаса бастағаны белгілі. Хан, би, бек, рубасы, жүзбасы, сұлтан, ақсақал, ауылнай – бұлардың бәрі қазақ қоғамының тарихында басынан кешірген дәуірлерінің, басып өткен даму жолының, тілде қалған, санамызда сақталған ізінің куәгерлері. «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» жырын нысанға ала отырып, жырда кездесетін қазақ қоғамындағы әкімшілік басқаруға байланысты көнерген сөздердің этимологиялық түп төркініне және басқа түркі халықтарында қолданылуына зер салдық.

Зерттеу

Хан. Қазақ фольклорында, батырлар жырында әкімшілік басқаруға байланысты жиі кездесетін сөз *хан*. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу жырында» да *хан* сөзі:

Не Шыңғыстай, болмаса, не Қалбадай,

Не Мыржықтай аңы көп бір тау еді.

Қақ жарып хан Қарекең келе жатса,

Алдынан буаз марал кез келеді, - деген жолдарда кездеседі (БС т.54: 89).

«Көне түркі сөздігінде» Qan сөзінің үш мағынасын сипаттап көрсеткен. I.Қан; II.Әмірші, билеуші, басшы; *tānı anča temiş erinč qan bertim qanıñın qodur içkdnı* (аспан солай дейді: «Мен саған Түрік хандығын бердім, ал сен, өз жеріңді тастап кеттің») (Тон2). III.

Қанағаттану, тою, сусындау (ДТС 1969: 421). Хан – байырғы хандық мемлекеттегі ең жоғарғы лауазым, билік иесі, ел билеуші (ҚӘТС т.14: 152). Ғалым Әбдуәли Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық талдау еңбегінде хан сөзіне тоқталып, өз тұжырымдамасын келтіреді. Хан – 1) ең жоғарғы билеуші, монарх; 2) ру-тайпалардың билеушісі. Қазақ топырағында және онымен көрші түркі елдерінде көне замандардан бері ел-жұртты, мемлекетті билеп басқарушы, билік-әкімшілік қызметін атқарған адамдар және соларға тән ең биік, әрі мәртебелі атақ лауазым. Хан – қаған, қаһан – ескі түркі сөзі «дара билеуші», «билеуші» мағынасында түрікше және моңғолша лауазым ретінде қолданылған. Бұл атау көне Орхон-Енисей жазба ескеркіштерінде кездеседі. Хан алғашында «тайпа көсемі» деген ұғым берді. Кейін «мемлекеттің жоғары билеушісі» деген ұғымға ауысты. Салжұқтар мен Хорезм шахтары дәуірінде хан «князь» лауазымын сипаттаған. XIII-XIX ғасырдағы Моңғол империясы тұсында «Хан» деп жекелеген ұлыстарды, билеушілерді айтса, ал бүкіл империяны билеп-төстеушілер «Қаған» деп аталған. Моңғол империясы ыдырағаннан кейінгі мемлекеттерді билеушілерді «хан» деп атап, мемлекет басқармаған, бірақ Шыңғыс әулетінен тарағанда сұлтан лауазымын алған. Оспан империясында «хан» лауазымын сұлтандарға беретін болған (Қайдар 2013: 183). Қадырғали Жалайырдың «Жами ат-тауарих» атты жылнамасындағы ескіліктер атты еңбегінде, қазақ тіліне қатысы бар сөздердің ішінде хан сөзі кезіккен. Ғалым Әбдуәли Қайдар хан сөзіне байланысты қысқаша тоқтала кетеді. Хан – 1) ең жоғарғы билеуші, монарх; 2) ру-тайпалардың билеушісі. 1) Шыңғыс хан, Жошы хан, Борис хан (Годунов), 2) Мөңкү хан, Боданчар хан.

Бек/Би. Әкімшілік басқаруға байланысты жырда кездесетін келесі сөздер бек және би сөзі. Бұл сөздердің беретін ұғымы мағыналас, сол себепті екі сөзді бірге алып қарастырғанды жөн санадық. Бұл сөздер жырда:

– Үйіңе Құдай оңдап, Қыдыр конар,
Бір достым бек сөйлескен сендей болар.
Бұл марал буаз екен, тіпті атпаймын,
Келінің екіқабат, кесел болар. (БС 54Т: 92)
Келгенін Балталыға халық көрді,
Сән-тұрманы өзгеден артық еді.
Жүз кісі Тайлақ бимен ел кеп еді,
Қарабай тоқсан мыңнан түк бермеді. (БС т.54: 89)

Бек және би сөзінің фонетикалық қатынастарын ғалым Э.В.Севортян *beg>бей, биг>бий*, немесе *бей>бий; бий> би:>би* негізінде өзгеріп қалыптасуы мүмкін екенін айтады. Көрсетілген сөздең ішінде ең көнесі – *бег, бек(<бег)* нұсқасы. Себебі бұл сөздер алғаш рет Орта Азиялық «Тегфирде» кездесті. XIV ғасырдың басында «Кодекс Куманикус» сөздігінде қалыптасқан *бей-бий-би* формасында ұшырасады. Бек сөзі түрік, қарайым, құмық, балғар, қырғыз, ұйғыр тілдерінде ортақ князь (феодалдық лауазым) мағынасын берсе, ал аталмыш сөзді ғалым С.Малов «Уйгурский язык. Хамиское наречие» атты еңбегінде ұйғыр тілінің диалектісі ретінде көрсетіп, «аймақ басшысы» ұғымын береді деп көрсетеді. Орыс ғалымы В.В.Радлов «Опыт словаря тюркских наречий» еңбегінің VI томында біз мысалға алып отырған сөзді гагауз, қарайым, татар, алтай, хакас тілдерінде «мырза» мағынасында қолданылып, өзбек тілінде «ең жоғарғы лауазым» ұғымын бергені жайлы дерек келтіреді (Севортян 1978: 98). «Көне түркі сөздігінде» бек< beg нұсқасында беріліп, екі мағынада қолданыста болған. 1) Әмірші, көсем, бек, князь; *altı baγ bodunqa beg ertim* (мен алты құдайы бар елдің әміршісі болдым) (Е 12). 2) Еркек, күйеу; *javlaq tälliγ begdän kerü jalγ tul jeg* (ащы тілді күйеуім болғанша жалғыз басты жесір болайын) (МК 412). (ДТС,91) Бұл сөздің беретін мағынасын Г.Клаусонның «Etymological Dictionary of Pre-thirteenth-century Turkish» атты еңбекпен толықтыра түселік. *Be:γ* сөзі «the head of a clan, or tribe, a subordinate chief» (клан басшысы немесе тайпа көсемі) және ежелгі Қытайларда «the head of a hundred men» (жүз ер адамның басшысы яғни жүзбасы) мағынасын береді деп көрсетеді. Қоғам дамуымен бірге фонетикалық өзгерістерге де ұшыраған (b-/p; -e/-é-; -g/-y) (Clauson 1972: 322). Қазақ әдеби

тілінің түсіндірме сөздігінде:

1. Ерте кездегі Орта Азия түркі халықтарында ел билеуші ұлық, қоғамдық-әлеуметтік, материалдық мәртебесі жоғары тап өкілі.

2. Ежелгі түркілер мемлекетінде қолбасылық дәрежесін білдіретін әскери шен, атақ.

3. Таулы жерде өсетін айыр жапырақты, тамыры жеуге жарамды өсімдік.

4. Бекем мықты, берік.

5. Өте, тым, аса, тіпті. (ҚӘТС т.3 2011: 221)

Бұл берілген төрт түрлі мағынаның әкімшілік басқаруға қатыстысы алғашқы берілген түсінік. Ғалым Ә.Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты аталмыш еңбегінде, *бек/би* сөзіне былай түсініктеме береді. *Бек* – ежелгі түркілер мемлекетінде қолбасылық дәрежесін білдірген әскери шен, атақ. Бектер түркі қоғамында сот билігін атқарушы, салық жинаушы т.б саяси-әкімшілік істерді басқарады. Бек лауазымы кейде аймақ басшысы дегенді білдірсе, кейде ру мен тайпа көсемдерінің де қызметін білдірген. Кейін XV ғасырдан бастап бек атауын би сөзі ығыстырып шығарды. *Би* – дәстүрлі қазақ қоғамының саяси әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің иесі. Қазақтың дәстүрлі түсінігінде бұл атау төрт түрлі мағынада: 1) ел билеуші, иелік етуші; 2) сот төреші; 3) батагөй, шешен; 4) бітістіруші, дипломат, елші. Осы атаудың дамуынан-ақ көп қоғамдық-әлеуметтік құбылыстарды барлыққа келгенін, тіл заңдылықтарын байқауға болады. Оны анықтау үшін ең алдымен қазақ тілінің өзіндік лексикалық құрамында сақталып, тұрмыс-салтына әбден сіңіп кеткен би атауының түсіндірме сөздікте ресми түрде хатталған мағынасына назар аударайық. Онда: Би I *тарих* 1. Дау-жанжалға бітім айтып, төрелік жасаушы, ел ішіндегі әділ қазы, ру басы. 2. Үстемдігі басым әкім, қожа. (ҚӘТС т.3 2011: 100).

Бек және би сөзіне байланысты, Р.Сыздықова мен Б.Шалабаев ғалымдардың бірге жазған «Көркем лингвистикалық талдау» атты еңбектері бар. Сол еңбекте Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңіне лингвистикалық талдау жасайды. Өлеңде әкімшілік аппаратына қатысты болыс, ояз, старшын, би сөздері бар:

Старшын, *биді* жиғыздым:

«Береке қыл» бекін деп,

«Ат жарамды, үй жақсы

Болсын бәрің күтін» деп.

Әкімшілік жүйесіне қатысты қазақтың өз сөздерінен жасалған бірді-екілі титулатура мен жай атауларды да Абай осы өлеңінде келтіреді, олар да түсіндіруді қажет етеді. *Би* – қазақтың ежелгі сөзі, оның үстем тап өкілінің атауы екендігі түсінікті. Ал осы сөз Абай заманында бұрынғы мағынасымен қатар жаңа ұғымға ие болған, ол сайланатын және патша әкімшілігі тарапынан бекітілетін ресми қызмет иесінің лауазымын білдірген. Олар да, старшындар сияқты, жергілікті әкімшіліктің бір буыны, яғни әрбір болыстыққа сайланып қойылған заң істерін жүргізуші адам. Бірақ билер қоғам өміріндегі барлық заң-сот істерін емес, қазақтың әдет-ғұрып заңымен қаралатын істерді жүргізетін болған, яғни олар ел ішіндегі, жеке рулар мен жеке адамдар арасындағы барымта, қалың мал, әмеңгершілік т.б сияқты дау-шарды қарап, билік айтатын болған. Былайша айтқанда, өкімет бекітіп, болыс сайын қойылатын билер – «қазақтың соты» (Сыздықова, Шалабаев 1989: 27).

Қорытынды. Қорыта келгенде, қазақ халқының азаматтық тарихы – бір жағынан Қазақ елі мен жерін ғасырлар бойы бірінен кейін бірі билеп-төстеп келген хан-сұлтандар мен би-бектердің, әкім-төрелердің тарихы. Біздің өткендегі барша тарихымыз, осы аталған атақ-дәрежелер мен лауазым-мәртебелерге, билік әкімшілікке тікелей қатысты. Сол себепті, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында кезіккен әкімшілік басқаруға байланысты көнерген сөздердің түпкі шығу тегі, алғашқы және қазіргі кездегі мағынасы, қазақ тілінен басқа түркі халықтарында қолданылу аясын білу – қазақ тіл білімінде маңызды орынға ие.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, 264 бет. – 2006.

2. Ә.Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Екі томдық. Т2 – Алматы: «Сардар», 2013
3. Древнетюркский словарь. Ленинград, 1969. Издательство «наука».
4. SIR GERARD CLAUSON «An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish», OXFORD AT THE CLARENDON PRESS, 1972.
5. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2009. Т54: Батырлар жыры. – 452 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14 том/ Құраст. А.Фазылжанова, Н.О45арбаев, Қ.Ғабитханұлы және т.б – Алматы, 2013. – 800 бет.
7. Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы: «Мектеп», - 1989 – 128 б
8. Э.В.Севортян. Этимологический словарь тюркских языков. Издательство «Наука», 1980г.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3- том/ Құраст. Б.Сүйеркұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б – Алматы, 2011. – 744 бет.

Қысқартылып көрсетілген әдебиеттер:

1. ДТС - Древнетюркский словарь. Ленинград, 1969.
2. Е 12 (Уюк-Тарлак) – Первый памятник из долины р. Уюк, располагавшаяся в 2 км от р. Тарлак, левого притока Уюка; надпись на одной грани стелы из двух строк (85 рун).
3. МК 412 – Словарь Махмуда Кашгарского (авторское название: «Дивану луғат-ит-турк» - Собрание тюркских наречий (языков)).
4. ҚӘТС 2011а – Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3- том/ Құраст. Б.Сүйеркұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б – Алматы, 2011. – 744 бет.
5. БС 2009а - Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2009. Т54: Батырлар жыры. – 452 б.
6. Тон2 – памятник в честь Тоньюкука, с урочища Баин-Цокто в 60 км от Улан Батора. Атлас, табл. CVI – CXVI.

ӘОЖ 811.512.122:81'373.45

ЖҮСПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ-СЫН МҰРАСЫ

Балтабай Досжан Әмірұлы

baltabayev.dosjan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, «қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының III курс студенті Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Р. С. Тұрысбек

Әдебиеттану ғылымының өзекті бір салаларының бірі – әдебиеттің сыны. Әдебиеттің сыны әдебиеттің теориясын, әдебиеттің тарихы жеткен жетістіктерге сүйенеді. Қазақ әдебиетінің сыны бастау көздерін сонау көшпелі өркениет дәуірінен алады. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, ғибратқа толы нақыл сөздері, өнегеге толы шешендік мұралары, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқан мақал-мәтелдері қазақтың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, ой-санасымен бірге жасасып, өмір сүріп келеді. Көшпелі тұрмыспен қалыптасып келе жатқан халықтық эстетиканың айқын көрінісі – ауыз әдебиетіміздегі рухани мұралар. Халықтың елегінен екшеленіп, сүзгісінен өткен әдеби жәдігерлеріміз сын тарихының ертеден бастау алатындығын көрсетеді.

Сынның жазба әдебиетке тән жанр екені, онымен үзеңгі қағыса тарихи-эстетикалық сахнаға шығатыны, көркем әдебиеттің бүгінгісіне назар аударып, келешегіне барлау жасайтыны, алынбаған шеберлік хабарларын нұсқайтыны, жаңалықтың жаршысы болып, қалың жұртшылыққа әдебиеттің әлеуметтік мәнін түсіндіретіндігі, насихаттайтыны теориялық тұрғыдан анық тұжырымдалған шындықтар. Алайда әсемдікті танып-білу, оны